

Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 823 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Семей машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 208 "Төтенше жағдайлар жөніндегі мекемелері материалдық-техникалық жарақтандыру" республикалық бюджеттік бағдарламасында көзделген қаражат шегінде маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды - шынжыр табанды тартқыш транспортерлерді жеткізуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі